

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнаулы әлеуметтік қызметтерді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына сараптамалық қорытынды

Жоғарыда аталған Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қарап, келесі ескертулер мен ұсыныстар туралы хабарлаймыз.

Жобада мына заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді. Бұл Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» заңдар және өзге де заңдар.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдарды лицензиялауды енгізу туралы нормалар Заң жобасының негізгі новеллалары болып табылады. Бұл тәсіл көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылауға және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдардағы жазатайым оқиғаларды азайтуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, халықты әлеуметтік қорғау саласында жан басына шаққандағы қаржыландыру жүйесін енгізу мақсатында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласында мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру жоспарлануда.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдардың тізілімін қалыптастыру көзделеді, олардың қызметтерін таңдау Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы жоспарланады, нәтижесінде әлеуметтік кәсіпорынның дамуына ықпал ететін болады.

Сондай-ақ, Заң жобасы «тәуекел тобына» кіретін балаларға ерте араласу жүйесін енгізеді. Бұл дамуында тежелу тәуекелі бар балалар. Мұндай балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету қолдау шаралары қолданылатын болады.

Сараптама қорытындысы бойынша келесі ескертулер мен ұсыныстар бар.

1. Заңнамаға сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтер операторын – Арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдендірілген көлемі шеңберінде арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынатын субъектілерде арнаулы әлеуметтік қызметтер саласындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру үшін уәкілетті мемлекеттік органның жанынан Үкіметтің шешімі бойынша құрылатын заңды тұлға Арнайы әлеуметтік қызметтер операторын құру көзделеді.

2021 жылғы 26 қаңтарда Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында еліміздің президенті Қасым-Жомарт Тоқаев:

Алайда, 2021 жылғы 26 қаңтарда Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мынаны хабарлады:

«Бүгінде ел экономикасы мемлекеттің шектен тыс араласуынан ғана емес, жеке монополистердің бәсекелестік емес әрекеттерінен де зардап шегіп отыр. Олардың біразы мемлекет құрған біріңғай операторлар болса, біразы – жәй ғана жеке монополиялар.

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне осындай құрылымдардың қызметін жалғастыру қаншалықты дұрыс екендігіне қатысты талдау жасауды тапсырамын. Бізде олардың барлық саны 50-ге жуық.

Ұсыныстарыңызды маған 1 маусымға дейін енгізіңіздер. Содан кейін біз не істейтінімізді, оларды мұндай мәртебеден айыру немесе толығымен жабу керектігін шешеміз.

Үкімет пен Агенттікке 2022 жылдың 1 қаңтарына дейін адал бәсекелестіктің дамуына кедергі келтіретін негізгі проблемаларды шешуге бағытталған заң жобасын қабылдануын қамтамасыз етуді тапсырамын.

Талдау аяқталғанша және Заң қабылданғанға дейін мемлекеттік және жеке операторларды құруға тыйым саламын.» - деді.

Осыған байланысты уәкілетті органның жанынан бар және жұмыс істеп тұрған заңды тұлғаға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру бойынша қосымша функциялар берілетін неғұрлым негізделген нұсқа ұсынылады. Операторға бекітіліп берілетін өкілеттіктердің сипатын, сондай-ақ оны мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен оның қаржыландыруын ескере отырып, қарастырылып отырған заң жобасы деңгейінде оператор ретінде әрекет ететін заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанын нақтылауды орынды деп санаймыз.

2. Заң жобасында Әлеуметтік Кодекстің 131-бабының жаңа редакциясы көзделген, ол арнаулы әлеуметтік қызметтер алуға құқығы бар адамдар тобын шектейді.

Қолданыстағы редакцияны сақтау қажет деп санаймыз.

3. Әлеуметтік Кодекстің 132-бабында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер саласында мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға қатысты 4-1-тармақты көздеу ұсынылады. Алайда, баптың атауы оның мазмұны - арнайы әлеуметтік қызметтердің түрлерін білдіреді. Осыған байланысты тапсырысты орналастыру туралы нормаларды заң жобасының өзге баптарында баяндауды ұсынамыз.

4. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңда мәслихаттардың құзыретіне арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарын материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауды жатқызу көзделеді. Алайда, дәл осындай құзырет облыс, республикалық маңызы бар қала, Астана әкімдігінде де көзделген. Заң жобасының құзыретін саралау және тиісті баптарын (Заңның 6 және 27-баптары) пысықтау қажет деп санаймыз.

5. Заңның жобасында бірқатар себептерге байланысты дамуы артта қалуы байқалатын «тәуекел тобына» кіретін балаларға ерте араласу жүйесі енгізілуде.

Сонымен қатар, Заң жобасында балалардың мұндай санаты туралы, қандай кезеңде және қандай мемлекеттік орган тәуекел тобындағы балаларға ерте араласу қажеттілігі туралы шешім шығарады және мұндай «диагнозды»

баладан алып тастау бойынша мемлекеттік органдар қабылдаған шараларға кейіннен бағаны кім беретіні жөнінде нақты түсінік жоқ.

Негізгі өлшемшарттар мен көрсеткіштер заңнамалық деңгейде белгіленуі тиіс деп санаймыз.

Баяндалғанды ескере отырып, заң жобасын пысықтау қажет.

Сонымен қатар, заң жобасы бойынша мынадай ұсыныс бар:

Шет елдердің тәжірибесінде аса сұранысқа ие құралдардың қатарына әлеуметтік жұмыскерлердің қызметін бақылауды және үйлестіруді, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылардан кері байланысты қамтамасыз ететін мобильді қосымшалар бар. Осындай қосымшалардың арқасында арнайы қызмет алушылардың байланыс деректері жүйеге қосылады, қызмет алушылардың мекенжайлары мен аттарын қолмен салыстырудың, сондай-ақ есептерді сұратудың және үйге барғанын бақылаудың қажеті жоқ.

Осыған байланысты Әлеуметтік Кодекстің 260-бабының 3-тармағын мынадай мазмұндағы тармақшамен толықтыру ұсынылады:

«3. Мемлекеттік әлеуметтік қорғау инспекторлары Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 154-бабының 3-тармағында көрсетілген міндеттерден басқа:

....

4) әлеуметтік жұмыскер және (немесе) тексерілетін субъектінің жұмыскерлері тарапынан алаяқтық және сыбайлас жемқорлық сипаттағы фактілерді қоса алғанда, бұзушылықтар, заңға қайшы әрекеттер (әрекетсіздік) немесе жағдайды теріс пайдалану фактілері анықталған жағдайда әлеуметтік жұмыскерді және (немесе) тексерілетін субъектінің лауазымды адамдары мен жұмыскерлерін жұмыстан уақытша шеттету туралы нұсқама шығаруға міндетті.»
